

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

Әр түрлі мемлекеттерде ғылыми зерттеудің даму деңгейі

Орындаған: Тұрғынбаева Ж
Тобы: ФА12 003-2 қ

Кіріспе

- Ғылым — жаңа білім алып, оны қолдануға бағытталған интеллектуалдық қызыметкер:
- - технологиялық, экономикалық, қоғамдық, гуманитарлық проблемаларды шешу;
- - ғылым, техника және өндірісті бір жүйе ретінде қамтамасыз ету.


Ғылымың жіктелуі.

- Маркс бойынша келесідей жіктейді:
- техникалық
- табиғи
- қоғамдық
- философия

- Ғылыми-зерттеу жұмыстары (ҒЗЖ) – қол жеткен білімдерді кеңейту және жаңа білімдер алу, табиғаттың заңдылықтарды анықтау, жобаларды ғылыми тұрғыда жинақтап қорытындылау, ғылымды негіздеу мақсатындағы зерттеулер, тәжірибелер жүргізу.

- Ғылыми зерттеу - таным процесінің ерекше формасы. Ғылыми зерттеу барысында объектілерді жүйелі және мақсатты зерттеу, онда құралдарды және ғылыми әдістерді пайдалану және зерттелетін объектілер жөніндегі білімдерді қалыптастыру мен қорытындылау жүргізіледі.

- *Іргелі ғылыми зерттеулер* – табиғат, қоғам адам дамуының және олардың өзара байланысының негізгі заңдылықтары туралы жаңа білім алуға бағытталған теориялық және тәжірибелік қызмет.
- *Қолданбалы ғылыми зерттеулер* – практикалық мақсаттарға қол жеткізу және нақты міндеттерді шешу үшін жаңа білім алуға және оны қолдануға бағытталған қызмет.

- 
- **Ғылыми зерттеулер мына түрлерге жіктеледі:**
 - 1) қоғамдық өндіріске байланысы жағынан
 - 2) қаржыландыру көздеріне байланысты
 - 3) мақсатына байланысты
 - 4) халық шаруашылығына қажеттілігіне байланысты
 - 5) зерттеу ұзақтығына байланысты

- Қоғамдық өндіріске байланысы жағынан ғылыми жұмыстар мына жұмыстарға жіктеледі: жаңа технологиялық үрдістер, машиналар, құрылыстар, өндірістің тиімділігінің артуы, еңбек шартының жақсаруы, жеке адамның тұлға болып дамуы және т.б.



байланысты ғылыми зерттеулер:

- - мемлекеттік бюджетті
- - өндірісті-келісімдік
- - қаржыландырылмайтын
- **Мемлекеттік бюджетті ғылыми зерттеулер** мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылады.
- **Өндірісті-келісімділік зерттеулері** өндірісті келісім-шарт негізінде тапсырыс беруші мекеме қаржыландырылады.
- **Қаржыландырылмайтын зерттеулер** келіссөз туралы келісім-шарт негізінде орындалады.



- **Ғылыми зерттеудің мақсатына байланысты 3 түрге бөлінеді:**

- 1) бастамалы
- 2) қолданбалы
- 3) өндірулер

Ғылыми кадрларды даярлау және пайдалану жүйесі

-
- Магистратура
- Аспирантура
- Докторантура
- Диссертация қорғау
- Квалификация өсіру
- Стаждау
-

● **Магистратура**

- «**Магистр**» сөзі - латын сөзінен шыққа ол «тәрбиеші», «оқытушы», «жетекші» деген мағынаны береді. Орыс тіліндегі аудармасында ол «өз ісінің шебері» дегенді білдіреді. Ертеректе «магистр» — бұл батыс — еуропаунверситетінің философия факультеттеріндегі докторлық дәрежеден сәл төмен тұратын оқу дәрежесі. Қазіргі ағылшындық - американдық жоғарғы білім жүйесінде магистр дәрежесі бакалавр мен ғылым докторы аралығындағы орынды иемденеді. Ресейде магистірлік оқу дәрежесі 1803 жылы кандидат және ғылым докторы дәрежесі қатарына енгізілді. Бұл дәрежеге ие болған тұлғалар кафедра басқаруға құқылы болған.
- 1884 жылы ғылым кандидаты алынып тасталынды. Осы уақыттан бастап Ресейде тек екі оқу дәрежесі — магистр және ғылым докторы ғана аталды. 1917 жылғы Ресейдегі төңкерістен кейін оқу дәрежелерінің барлығы дерлік жойылды. Алайда, 1934 жылы кандидат және ғылым докторы оқу дәрежелері қайта құрылды. Магистр дәрежесі болған жоқ. Ал, Қазақстан Республикасының жоғарғы білім құрылымында магистрдің академиялық дәрежесі 1994 жылы енгізілді және ғылыми деңгейі бойынша бакалавр дәрежесінен соң және ғылым кандидаты дәрежесінің алдында тұрады.

● Аспирантура

-
- Ғылыми және ғылыми - педагогикалық мамандарды дайындаудың негізгі формасы - ғылыми - зерттеу институттары мен жоғарғы оқу орындарында ашылған, аспиранттарға жетекшілік етуді қамтамасыз етуге қабілетті жоғарғы дәрежелі ғалымдар жұмыс жасайтын аспирантура болып табылады. Аспирантура арқылы мамандар дайындау белгіленген номенклатураға сәйкес ғылыми қызметкерлердің мамандықтары бойынша жүзеге асады.
- Аспирантурада білім алу іштей 3 жыл мерзімінде және сырттай 4 жыл мерзімінде ұйымдасытырылады. Іштей аспирантураға 35 жасқа дейінгі мамандар, ал сыртқы аспирантураға 45 жасқа дейінгі мамандар қабылданады.

- **Докторантура** үш жылға дейінгі мерзімде ашылады және оған ғылыми жетістіктерге жеткен, ғылыми-педагогикалық қызметкер ретінде танылған 40 жас шамасындағы ғылым кандидаттары жіберіледі. Докторанттар қажет болған жағдайда басты отандық және шетелдік ғылыми орталықтарға жүгіне алады. Докторантурада оқу мерзімі ғылыми-педагогикалық жұмыс стажына қарай есептеледі. Докторантураны бітірген соң докторлық диссертация қорғалады.



- **Диссератция қорғау** - диссертациялық тақырыпты жасау аяқталған соң мамандар кеңесіне қорғауға ұсынылатын диссертация толтырылады. Мамандар кеңесінің құрамына оқу дәрежесі бар мамандар мен басқа да ЖОО-нан, ғылыми мекемелерден мамандар тартылады. Әрбір мамандар кеңесіне оның ұйымдастыруымен ғылыми қызметкерлер мамандықтарының нөмірлері бекітіледі, яғни осы кеңес кандидаттың немесе ғылым докторы дәрежесіне ұсыну үшін диссертацияны қорғауды ұйымдастырады.

- **Квалификацияны өсіру** - Ғылыми-техникалық төңкерістің жаңа заманғы жағдайларында өте маңызды міндет соңғы ғылыми, техника мен мәдениет жетістіктері нәтижелері бойынша мамандар білімін жүйелі толықтыру болып табылады. Осы мақсатпен біздің елде негізінен жоғары оқу орындарында ұйымдастырылған, министірліктерге бағынышты квалификацияны өсіру институттары мен жоғары оқу орындарында жоғары квалификациялы халық шаруашылығы мамандары, профессорлар мен ЖОО-ның оқытушылары сабақ береді.

● Стажировкадан өту



- Басты және де басқа ірі жоғары квалификациялы ғылыми кадрлары бар жерлерде аталған сала бойынша квалификациялы мамандарды қажет ететін, ЖОО-қызметкерлері жіберілетін, стажер-оқытушылар дайындау бекітіледі. Мұндай кезде стажер-оқытушы міндеті тек бір мақсатқа қолданылады. Стажер-оқытушының ғылыми жетекшісі сол кафедраның меңгерушісі немесе бір профессоры болып табылады. Әрбір стажерге жеке жоспар белгіленеді. Стажировканы аяқтауға бір ай қалғанда олар стажер-оқытушыны педагогикалық жұмысқа ұсыну мүмкіндіктері туралы арнайы комиссияның аттестациясынан өтеді



зерттеу жұмыстарын ұйымд астыру

- Қазақстан Республикасының жоғарғы ғылыми мекемесі - елдің барлық жоғарғы оқу орындары мен ғылыми мекемелеріне қоғамдық және жаратылыс ғылымы салалары бойынша ғылыми жұмыстарды іске асыратын **ҚР Ұлттық Ғылым Академиясы** болып табылады.
- ҚР Ұлттық Ғылым Академиясы тікелей ҚР Үкіметіне бағынышты. Академия мүшелерінің жалпы жиналысы олардың жоғарғы органдары болып табылады. Төрт жылда бір рет жалпы жиналыс академия жұмысына жетекшілік жасайтын Президентті, Президиумды тағайындайды.
- Осы мақсатқа сәйкес Президиумда барлық ғылыми-ұйымдастыру жұмыстарын қамтамасыз ететін ұйымдар құрылған. ҚР Ұлттық Ғылым Академиясына өндіріс салаларының ғылыми-техникалық прогрестік жағдайына тікелей әсер ететін, ғылымның маңызды бағыттарын зерттеуді орындап отыратын бірқатар ғылыми-зерттеу институттары бағынады.

- Еліміздегі ғылыми зерттеулердің көп бөлігі жоғары оқу орындарында орындалады. Осы мақсатта ғылыми зерттеулерді орындауға жоғарғы мектептің негізгі ғылыми ядросын құрайтын профессорлық - оқытушылар құрамы кең көлемде тартылады. Ғылыми зерттеулерді орындау әрбір оқытушының жеке жоспарына енгізіледі және мемлекеттік бюджет арқылы қаражат, зертханалық құралдарымен қамтамасыз етіледі.
- Ғылыми бағыттың дамуы үшін үлкен әсерін тигізетін жоғары оқу орындарында ғылыми мекемелер - проблемалық ғылыми-зерттеу лабораториялары ұйымдастырылады, ал кей жағдайларда жекелеген ғылыми-зерттеу институттары құрылады. Проблемалық лабораториялар мен ғылыми-зерттеу институттары үшін ғылыми-техникалық қызметкерлердің арнайы құрамы бөлінеді.
- Кафедраларда, проблемалық лабораторияларда және ғылыми-зерттеу институттарында негізінен бастапқы және ізденушілік тақырыптар жасалады. Қолданбалы зерттеулерді ережеге сәйкес қосымша жұмыс уақытында (алты сағаттық жұмыс күнінің сыртында) қосымша ақы төлеу негізінде профессорлар мен оқытушылар орындайды.

- Шаруашылық келісім-шарт негізінде зерттеулерді орындау үшін кафедралар белгіленген шектен тыс қосымша штат қызметкерлерін тартуға құқылы, яғни оқу-көмекші тұлғалар, аспиранттар мен студенттер.
- Кафедралардың салалық министрлікпен байланысы тұрақты болып, ал өткізілген қолданбалы зерттеулер нәтижелі болған жағдайларда салалық министрлік бөлген ғылыми-зерттеу лабораториялары ұйымдастырылады. Осылайша, елдің жоғарғы мектебі ғылыми-педагогикалық қызметкерлер мен мамандарды дайындаудан басқа ел үшін маңызы бар зерттеулердің үлкен бөлігін орындайды. ЖОО-да өткізілген зерттеулердің тиімділігі - кешенді ғылыми жұмыстарды орындауға жағымды жағдай туғызатын ғалымдар мен мамандардың қатысуынан байқалады.

- Кафедралардағы, ғылыми мекемелердегі, жоғары квалификациялы ғалымдар жетекшілігіндегі ғылыми зерттеу концентрациясы, таңдау мүмкіндігі мен барынша дарынды студентті ЖОО-да қалдыру - халық шаруашылығы саласында жоғарғы ғылыми беделі бар ғылыми мектеп қалыптастыруға жақсы жағдай туғызады.



- Қазіргі таңда, ғылымның дамуы ғылыми еңбек бөлінуі және бірігуімен, ғылыми мекемелердің пайда болуымен, экспериментті және зертханалық құралдармен тығыз байланысты. Еңбектің қоғамдық бөлінуі әсерінен ой және дене еңбегінің арақатынасы анықталғаннан бері ғылым пайда болды. Кәсіпорындарда ірі машиналар пайда болғалы ғылым кәсіпорынның белсенді факторы бола бастады. Ғылыми-техникалық революция тұрғысында ғылым түсінігі өзгерді, яғни ғылым техника дамуынан кейін емес, керісінше материалдық өндірістің негізгі күші болып табылады.

- Бүгінгі қоғамда барлық элементі мен салаларында ғылым мен техниканың маңызы зор. Қазіргі таңда ғылым қоғамның дамушы күші болып табылады. Дене және ой еңбегінің түрлері: медицина, транспорт, байланыс, адамның күнделікті өмірінде ғылыми-техникалық прогресс ерекше орын алады.



Пайдаланған әдебиеттер

1. Абдуллина С.А. Список сосудистых растений Казахстана. – Алматы, 1990. – 187 с.
2. Атлас ареалов и ресурсов лекарственных растений Казахстана. / Под ред. М.К. Куkenова. – Алматы, 1994. – 168 с.
3. Байтенов М.С. Флора Казахстана. – Алматы, 2001. Т.». 280 с.
4. Байтулин И.О., Котухов Ю.А., Сеницына В.Г. Народные лекарственные растений Восточного Казахстана // Известия АН КазССР. Сер.биол. №3, 1988. – С. 3-8.